

**2020-2022 жылдарға арналған Маржанбұлақ  
ауылдық округ бюджетін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2020-2022 жылдарға арналған Маржанбұлақ ауылдық округ бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мына көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 59 103 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер - 4 503 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 320 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 54 280 мың теңге;

2) шығындар – 59 103 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 0 мың теңге.

2. Маржанбұлақ ауылдық округ бюджетінің кірісіне есептелетіндігі ескерілсін:

жеке табыс салығы;

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер.

3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені мәліметке және басшылыққа алынсын:

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;
- 2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;
- 3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

4. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін субвенциялар 54 280 мың теңге сомасында ескерілсін.

5. "Алға аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алға аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
М.Муратбаев**

**Алға аудандық мәслихатының  
хатшысы  
Б.Жұмабаев**